



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті
Информатика және ақпараттық жүйелер кафедрасы

"АЛГОРИТМДЕНДІРУ ЖӘНЕ ПРОГРАММАЛАУ"

пәні бойынша зертханалық жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік
нұсқаулар

Павлодар



БЕКІТЕМІН
ФМж/еАТ факультетінің деканы
_____ С.К.Тлеуқенов
200 __ ж. «__»_____

Құрастырушы: Аға оқытушы Нұрғазина Б.Қ.

Информатика және ақпараттық жүйелер кафедрасы

050716 - «Приборлар жасау» мамандығының студенттері үшін

"Алгоритмдендіру және программалау"
пәні бойынша зертханалық жұмыстарға әдістемелік нұсқаулар

Кафедра мәжілісінде бекітілді, 200__ж. «__»_____ Хаттама №_____.

Кафедра меңгерушісі _____ Нұрбекова Ж.Қ.

Факультеттің әдістемелік кеңесінде құпталды,

200__ж. «__»_____ Хаттама №_____.

ӘК төрайымы _____ А.Т.Кишубаева

Зертханалық жұмыстардың мақсаты:

1. Студенттерге бағдарламалау тілінің негізгі құрылымдарын үйрету, командалар мен операторлардың қызметі мен пайдалану ережелерімен таныстыру.
2. Студенттердің алгоритмдік ойлау дағдыларын қалыптасыту.
3. Өз бетімен оқып-үйренуге, талдауға, бағдарлама бойынша нәтижені анықтауға үйрету.
4. Есепке алгоритмдер мен бағдарламалар құру, олардың тиімділерін таңдау және нәтижелерге талдау жасау әдістерін меңгерту.

Зертханалық жұмыстардың тәртібі:

1. Жұмыстың теориялық бөлігімен танысады.
2. Берілген есептің алгоритмімен танысады.
3. Бағдарлама тексін қарап, оның құрылымына талдау жасайды. Ондағы командалардың пайдаланылуын негіздейді.
4. Алгоритмнің орындалу тәртібін ауызша түсіндіреді.
5. Қандай да бір мәндермен, бағдарламаның орындалу протоколын толтырып, нәтижелерді компьютерсіз анықтайды. Пайдаланылатын мәндер бағдарламадағы барлық жағдайларды қамту қажет.
6. Бағдарламаны компьютерде орындап, 5-пунктте анықталған нәтижелердің дұрыстығын тексереді.

Тақырып 2. ЭЕМ-да есептерді шығарудың кезеңдері

№1 зертханалық жұмыс. Алгоритмдерді сипаттау (ұсыну) құралдары мен тілдері.

Паскаль ортасы. Бағдарламаның құрылымы.

Мақсаты: Pascal-дың жұмыс ортасымен танысу, негізгі дағдыларын қалыптастыру.

Теориялық бөлім

1.Паскаль тілін жұмысқа қосу. Жұмыс столындағы Паскальға сәйкес жарлық жұмысқа қосылады.

2. Менюмен жұмыс. F10 клавишасы менюді жұмысқа қосады. Меню жұмысқа қосылған соң, ерекше түске боялады. Команданы жұмысқа қосуды тездетуге болады. Ол үшін меню жолындағы белгіленген әріпке сәйкес клавиша басылады. Alt клавишасы мен белгіленген әріпті басса, оған сәйкес команда іске қосылады. Менюден шығу үшін Esc клавишасы басылады.

Меню пункттеріне сипаттама

1. File

Open-кеңейтілуі .pas файлды ашады.

New-жаңа терезе ашады.

Save (F2)-файлды өз атымен сол орнына сақтайды.

Save as-файлды басқа атпен, басқа каталогқа жазуға болады.

Change dir- ағымдағы (жұмыс істеп отырған) каталогты өзгертуге мүмкіндік береді.

Print-ағымдағы терезедегі ақпаратты принтерге шығарады.

Printer Setup-принтер орнату.

DOS shell- DOS режиміне шығады. exit командасымен Паскаль ортасына оралады.

Exit (Alt-X)-Паскальмен жұмысты аяқтайды. Файлды сақтау қажет.

Терезелермен жұмыс істеу. Терезе дегеніміз - біздің барлық іс-әрекетімізді жүзеге асыратын экранның бөлігі. Оның размерін өзгертуге, орнын ауыстыруға, ашуға, жабуға болады. Паскаль ортасында бірнеше терезені қатар ашуға, әрбіреуімен жеке жұмыс жасауға, олардың арасында информация алмастыруға болады. Жұмыс істеп отырған терезе **белсенді (активті)** деп аталады. Белсенді терезе қос рамкалы және онда жабу кнопкасы, масштабтау кнопкасы, терезені жылжыту кнопкасы, терезенің өлшемін өзгерту бұрышы болады.

Меню- WINDOW

Tile-терезелерді ретпен орналастыру.

Cascade-терезелерді каскадпен орналастыру.

Close all-барлық терезелерді жабу.

Size/Move-терезенің өлшемін өзгерту (Shift+стрелкалар).

Zoom-терезені үлкейту немесе кішірейту.

Next - терезелерді ретпен қарау.

Close (Alt + F3)-белсенді терезені жабу.

Previous- терезелерді кері ретпен қарау.

List-барлық ашық терезелер тізімін көрсетеді.

Alt + № - № номерлі терезеге өту. Alt клавишасы мен керек терезенің номері қатар басылады.

Alt + F5 - Window/ User Screen - Бағдарламаны орындау нәтижесі бар пайдаланушы терезесі шығады

Тапсырма.

1.Паскальді жұмысқа қос.

2. Паскаль ортасында 5 терезе ашып, әрбіреуін сәйкесінше tereze1, tereze2, tereze3, tereze4, tereze5 деген атпен сақта.

3. Терезелерді ретпен орналастыр.

4. Терезелерді каскадпен орналастыр да, мына ақпаратты тер.

1-терезеге: {фамилияң мен атыңды}

2-терезеге: program p_orla;
const k=100;

3-терезеге: label m1,m2;
Begin clrscr; writeln('Salem!'); writeln(' Men Pascalmyn!');
end.

4-терезеге: uses crt;

Осы ақпараттарды терген соң, әрбір терезені сақта.

5. Терезелерді ретімен, одан соң кері ретпен қарап, жазылған ақпаратты тексер.

6. 2-терезеге өтіп, мына жазуды қосып, сақта.

type kun=1..31;

7. Барлық ашық терезелердің тізімін шығар. 4-терезеге өтіп, мына жазуды қосып, сақта.

```
var k:kun; a:byte;
```

8. 1 және 2-терезелер экранға қатар сиятындай етіп, өлшемдерін өзгерт.

2. Меню-EDIT

Undo (Alt+BkSp)- алдыңғы әрекетті жояды.

Redo – Undoдағы әрекетті қайтарады.

Cut (Shift+Del) – белгіленген фрагментті жойып, буферге алады.

Copy (Ctrl+Ins) - белгіленген фрагментті буферге көшіреді.

Paste (Shift+Ins) – буфердегі фрагментті курсордың орнына қояды.

Clear (Ctrl+Del) – фрагментті жояды.

Show Clipboard- буфердегі ақпаратты көрсетеді.

Тапсырма.

9. 1,2,3,4 терезелердегі ақпараттарды ретімен 5-терезеге біріктіріп, мына тексті құрастыр.

```
{ фамилияң мен атың }
```

```
program p_orota;
```

```
const k=100;
```

```
label m1,m2;
```

```
begin
```

```
clrscr;
```

```
writeln('Salem!'); writeln(' Men Pascalmyn!');
```

```
end.
```

```
uses crt;
```

Тексті сол атымен сақта.

3.Меню- SEARCH-текст фрагментін және қате табылған орынды іздейді.

4. Меню-RUN

RUN (Ctrl+F9)– бағдарламаны орындайды.

5. Меню- COMPILE

Compile – белсенді терезедегі файлды компиляциялайды.

Make – негізгі бағдарламаға кіретін модульдер қайтадан компиляцияланадыда, орындалушы файлға біріктіріледі.

Build –алдыңғы пунктке ұқсайды.

Distination memory –орындалушы файл қайда орналасады, дискіде ме, әлде жадыда ма?

Primary file –компиляциялау қай файлдан басталатынын көрсетеді.

6. TOOLS – бағдарламаны жұмысқа қосу

7. OPTIONS –Паскаль ортасына қажетті каталогтардың жолы көрсетіледі.

Бағдарламаны компиляциялау. Бағдарламаны компиляциялау үшін Alt+F9 клавишалары қатар басылады. Егер текст дұрыс болса, ол жөнінде хабарлама шығады: **Compile Successful: Pres any key**

Жұмысты жалғастыру үшін, кез келген клавишаны басу керек.

Бағдарламаны орындау. Бағдарламаны орындау үшін, Ctrl+F9 клавишасы басылады, немесе менюден /Run/ Run енгізіледі.

Тапсырма. 5-терезедегі бағдарламаны орында. Қате туралы хабарлама шықса, төмендегі құрылым бойынша бағдарламаны түзет. Uses бөлімін орнына келтір.

Паскаль тіліндегі программаның құрылымы

program < идентификатор >; - программаның аты
uses < идентификатор >; - библиотикалық модульдер тізімі
label ... белгілерді сипаттау.
const ... тұрақтыларды сипаттау.
type ... типтерді сипаттау.
var ... айнымалыларды сипаттау.
begin
 операторлар программа денесі
end.

Бағдарламаны орындап, пайдаланушы терезесінен нәтижені қара.

Орындалушы (кеңейтілуі .exe) файл жасау. Паскаль тіліндегі бағдарлама тексін сақтағанда стандартты **.pas** деген кеңейтілу (расширение) беріледі. Бағдарламаны орындалушы файл ретінде сақтау үшін, оған **.exe** кеңейтілуі берілу керек. Ол үшін:

а) жадыға сақтау үшін: *Меню / Compile / Destination / Memory*

б) дискіге сақтау үшін: *Меню/Compile/Destination/Disk*

Memory немесе Disk Enter арқылы таңдалады.

Memory мен Disk-нің біреуі таңдап алынған соң, *Меню /Compile/ Make* енгізіледі немесе F9 басылады. Орындалушы файл жасалады. Каталогтағы файлдар тізімінде кеңейтілуі .exe файлы пайда болады.

Тапсырма. Орындалушы (кеңейтілуі .exe) файл жаса. Каталогты ашып, файлдың жасалғандығын тексер.

6. Жұмысты аяқта.

№2 зертханалық жұмыс. Алгоритмдердің базалық құрылымын жасау әдістері.

Математикалық функциялардың Паскаль тілінде жазылуы

Мақсаты: Қарапайым және күрделі математикалық өрнектердің Паскаль тілінде жазылуын меңгеру .

Теориялық бөлім

Математикалық өрнекті Паскаль тілінде жазу ережелері:

- 1.Өрнек бір жолға тізбектей жазылады, сондықтан амалдардың орындалу тәртібінің бұзылмауын ескеру керек.
2. Жоғары және төменгі индекстер ереже бойынша жазылады.
3. Функцияның аргументі жақша ішіне алынады.
4. Тригонометриялық функциялардың аргументі градуспен емес, радиан түрінде ($x \cdot \pi / 180$) жазылады.
5. Ашылған және жабылған жақшалар саны тең болады.
6. Математикалық өрнекте дөңгелек жақшалар ғана жазылады.

Дәрежені есептеудің стандарттық функциясы жоқ. Бірақ, оны стандарттық функциялар арқылы былайша өрнектеп жазуға болады:

$a^x = \exp(x \cdot \ln(a))$, (егер $a > 0$ болса ғана).

Сол сияқты, $\operatorname{tg}(x) = \sin(x) / \cos(x)$;

Математикада	Паскальда	Нәтиженің типі
$ x $	<code>abs(x)</code>	бүтін, нақты
x^2	<code>sqr(x)</code>	бүтін, нақты
\sqrt{x}	<code>sqrt(x)</code>	нақты
$\sin x$	<code>sin(x)</code>	нақты
$\cos x$	<code>cos(x)</code>	нақты
$\arctg(x)$ $\arctan(x)$	нақты	
e^x	<code>exp(x)</code>	нақты
$\ln x$	<code>ln(x)</code>	нақты
$\lg x$	<code>ln(10)/ln(x)</code>	нақты
$\pi=3,141592..$	<code>Pi</code>	нақты

Жұмыс технологиясы.

1.Паскаль терезесін ашып, мына жолдарды теріңіз.

```
Program ornek;  
uses crt;  
var x,y,z,a:real;  
begin  
clrscr;  
x:=  
y:=  
z:=
```

```
writeln('z=',z);
readln;
end.
```

1 жаттығу

x=5; y=3 мәндерінде

$$z = \frac{\sqrt{x^2 + 2y} + \sin 15^\circ}{2x}$$

өрнегінің мәнін есептеу.

2.Бағдарламадағы мына жолдарды өзгертіңіз.

```
x:=5;
```

```
y:=3;
```

```
z:=(sqrt(sqrt(x)+2*y)+sin(15*pi/180))/(2*x)
```

3.Бағдарламаны жұмысқа қосып, нәтижесін қараңыз.

Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. (sqrt(sqrt(x)+2*y)+sin(15*pi/180)) өрнегі неге жақшаға алынған?

2.15*pi/180 формуласы нені білдіреді ?

2 жаттығу.

$$z = \left| \frac{|x - 100| \cdot 3}{2x + \ln y} + 2\operatorname{tg}y \right| + \frac{e^{x+y}}{(1+x)^y}$$

өрнегінің мәнін есептеу.

4. Z:= жолына мынаны теріңіз:

```
Z:=abs(abs(x-100)*3/(2*x+ln(y))+2*sin(y)/cos(y))+exp(x+y)/exp(y*ln(x));
```

5.Бағдарламаны жұмысқа қосып, нәтижесін қараңыз.

Сұрақтар:

3. sin (y)/ cos (y) нені білдіреді?

4. exp (x+y) неге жақшаға алынған? Осы жазуды exp(x)+y деп жазуға бола ма?

3 жаттығу.

$$z = \frac{3e^5 y^5 + \sqrt{\cos^2 y + \sin y^2}}{\sqrt[3]{(x+y)^2}}$$

өрнегінің мәнін есептеу.

Z:= жолына мынаны теріңіз:

```
Z:=(3*exp(5)*exp(5*ln(y))+ sqrt(sqrt(cos(y)+sin(sqrt(y)))))/exp(2/3*ln(x+y));
```

Сұрақтар:

5. e⁵ және y⁵ екеуінде де дәреже көрсеткіші 5, бірақ жазылуы әр түрлі. Неге?

7 ...sin (sqrt(y)))) жолдарында неге 4 рет))) жақша қойылған?

№3 зертханалық жұмыс. Алгоритмдік тілдердің негізгі конструкциялары.

Шығару, енгізу процедуралары

Мақсаты: Экранға әр түрлі хабарлама, нәтиже шығаруды және мәндерді енгізуді үйрену.

Теориялық бөлім

WRITE – айнымалының мәнін, өрнектің мәнін, тексті экранға шығарады.

Жазылу форматы: **write(ln) (<параметр>);**

Жазылу түрлері:

writeln (өрнек); – өрнектің мәнін экранға шығарады. `writeln (sqr(25));`

writeln(x); – x айнымалының мәні шығады.

writeln ('текст'); – апострофтың ішіндегі текст шығады.

writeln (өрнек, 'текст', айнымалылар);

writeln; – бос жол шығарады.

read(ln) – сандық мәндерді, символдарды, жолдарды клавиатурадан енгізеді.

Жазылу форматы: **read(ln)(айнымалылар тізімі);**

Жазылу түрлері:

readln(x) – x-тің мәні енгізіледі.

readln(a,b) – a,b мәндері бос орынмен ажыратылып енгізіледі.

readln- енгізу клавишасы басылғанын күтеді.

Read процедурасы орындалғанда, айнымалының мәнін енгізу үшін бағдарлама жұмысында кідіріс болады. Айнымалының мәнін оқушы клавиатурадан енгізеді. Егер read процедурасында айнымалылар тізімі көрсетілсе, онда тізімдегі айнымалылардың мәндері клавиатурадан *бос орынмен* ажыратылып енгізіледі. Әрбір read процедурасынан соң Enter клавишасы басылады.

1 жаттығу. Қадыр Мырзалиевтің «Ана тілі» тақпағының бір шумағын экранға шығару.

1. Бағдарлама тексін теріңіз

```
program text;
uses crt;
begin
clrscr;
Writeln;   Writeln('Ана тілі');   Writeln;
Writeln('Ана тілің арың бұл,');
Writeln('Ұятың боп тұр бетте.);
Writeln('Өзге тілдің бәрін біл,');
Writeln('Өз тіліңді құрметте');   Writeln;
Writeln('Қ.Мырзалиев');   Writeln;
readln;
end.
```

Бағдарламаны орындап, нәтижесін көріңіз. Экранда орналасуына назар аударыңыз

2. Мына жолдарға өзгерістер енгізіңіздер

```
Writeln ('Ана тілі':20);
Writeln ('К. Мырзалиев':30);
```

Бағдарламаны орындап, нәтижесін көріңіз. Қандай айырмашылық бар? 20 және 30 цифрларын өзгертіңіз. Нәтижесіне түсініктеме беріңіз.

2 жаттығу. Жаңа терезеде мына жолдарды теріңіз

```
uses crt;
var x,y,a,b: byte;
begin
clrscr;           {1}
```

```

readln(x);    {2}
y:=10;       {3}
writeln(x);  {4}
writeln(x+y); {5}
readln;
end.

```

Орындап нәтижені қараңыз да, дәптерге жазып алыңыз

3. Мына {4} және {5} жолдарды өзгертіңіз:

```

Writeln ('x=', x);
Writeln ('y+x=', x+y);

```

Орындап нәтижені қараңыз. Қандай өзгеріс бар? Қорытынды жасаңыз.

4. Мына өзгерістерді енгізіңіз. {3} жолдан соң мына жолды теріңіз:

```

a:= x*y;                                     {3a}
{4}, {5}жолдарды өзгертіңіз: writeln (x,'*', y, '=', a);    {4}
Writeln ('x=', x:10, 'y=';10, 'a=';:10, a:10); {5}

```

Орындап нәтижені қараңыз. Қандай өзгеріс бар? Қорытынды жасаңыз. {5}жолдағы : белгісі қандай қызмет атқарады?

3 жаттығу. Жаңа терезеде жазыңыз:

```

uses crt;
var x,y,a,b:real; s:string;
begin
clrscr;                                     {1}
x:=100; y:=3;                               {2}
a:=x/y;
writeln ('a=';a);                           {3}
writeln ('a':10);
writeln ('a':10:5);                          {4}
writeln('a':10:2);
writeln('a':10:0);
writeln('a':0:5);                            {5}
writeln('a':0:2);                            {6}
writeln('a':0:0);
readln;
end.

```

Бағдарламаны орындап, нәтижесін қараңыз. Эcranға шығудың қандай айырмашылықтары бар? Санның бөлшек бөлігіндегі цифрлар санының өзгеруі неге байланысты?

4 жаттығу. Жаңа терезеде жазыңыз:

```

uses crt;
var x,y,a,b:real; s:string;
begin
clrscr;                                     {1}
readln(x,y); a:=x/y; {2}
writeln ('x=';x);                          {3}

```


Шарттық оператор былай орындалады: Ең алдымен шарттағы логикалық өрнектің нәтижесі анықталады. Егер нәтиже ақиқат болса <оператор1> орындалады, ал нәтиже жалған болса <оператор2> орындалады.


Қысқаша түрі: Шарттық операторда шарт орындалмаған жағдайда еш нәрсе орындау қажет болмаса, else тармағын жазбауға болады:

If <шарт> **then** <оператор>;

Тармақты алгоритмдердің орындалу реті блок-схемада анық көрінеді. Блок-схема дегеніміз алгоритмді геометриялық фигуралар арқылы бейнелеу.

Мысал: экранға екі санның үлкенін шығару керек.

Есепті шығару алгоритмін блок-схемамен көрнекі түрде көрсетуге болады.



```

program esep_1;
var x, y, z: real;
begin
  writeln ('2 сан енгіз');
  readln (x, y);
  if x > y then z := x
  else z := y;
  writeln (z); readln;
end.

```

□x,y-берілген айнымалылар, z-нәтиже□
□бос орынмен 2 сан енгіземіз□
□егер x > y болса, онда нәтиже x болады□
□әйтпесе нәтиже y болады □

Бағдарламаның орындалу барысында 5 және 7 сандарын енгіземіз. Айнымалы x-

ке 5, у-ке 7 меншіктеледі ($x:=5, y:=7$). $5>7$ шарты орындалмайды, нәтижесі жалған, сондықтан else –ден кейінгі оператор орындалады, ол оператор нәтижеге у-ті меншіктейді. Одан соң z-тің мәні экранға шығарылады. Экранға 7 жазылады.

Мысал: Енгізілген санның [-5;5] аралығында жататындығын анықтау. Енгізетін санды x деп белгілейміз, типі – real. Егер x саны үшін $x>-5$ және $x<5$ шарттары бір уақытта орындалатын болса, онда x саны [-5;5] аралығына тиісті болады

```
program aralyk;
var x: integer;
begin
  writeln ('x санын енгіз');   readln (x);
  if (x>-5) and (x<5)
    then writeln ('аралықта жатады')
    else writeln ('аралықта жатпайды');
  readln;
end.
```

Тапсырма: Енгізілген сан теріс болса, оның таңбасын қарама-қарсыға ауыстыр. Есепті шешу үшін мына шарттық операторды қолдан. $\text{If } x<0 \text{ then } x:=-x;$

Пайдаланылатын әдебиет: [2], 14-25 беттер; [1], 91-98 беттер;

Қабаттасқан шарттық оператор. Кейбір есептерді шешу кезінде, бірнеше варианттарды қарастыруға тура келеді. Бұл жағдайда, бірнеше шарттық операторлар қолданылады, яғни then, else қызметші сөздерінен кейін, жаңа шарттық оператор жазылады.


Мысал: Бүтін a, b, c сандары берілген. Егер $a \leq b \leq c$ болса, барлық сандарды өз квадратымен ауыстыр, егер $a > b > c$ болса, әрбір санды үшеуінің ішіндегі ең үлкенімен, басқа жағдайда, әрбір санның таңбасын өзгерт.

Есептің берілгені бойынша: егер $a \leq b \leq c$ болса, онда $a:=a^2, b:=b^2, c:=c^2;$
егер $a > b > c$, онда $c:=a, b:=a;$
басқа жағдайда, $a:=-a, b:=-b, c:=-c;$

```
program esep_3;
var
  a , b , c : integer ;
begin
  writeln ('a, b ,c сандарын енгіз');   readln (a , b , c );
  if (a<=b) and (b<=c) then
    begin
      a:=sqr(a); b:=sqr(b); c:=sqr(c);
    end
  else
    if (a>b) and (b>c) then
      begin c:=a; b:=a; end
    else begin a:=-a; b:=-b; c:=-c; end ;
end.
```

```
writeln (a:5,b:5,c:5);  readln;
end.
```

Есепті шешудің блок-схемасы төмендегідей болады.



Тапсырма: Жоғарыдағы мысалдағы шарттық операторды былай өзгертсек:

```
if (a<=b) and (b<=c) then
begin
  a:=sqr(a); b:=sqr(b); c:=sqr(c);
  if (a>b) and (b>c) then
    begin a:=c; b:=c; end;
  else begin a:=-a; b:=-b; c:=-c; end ;
end.
```

бағдарламаның орындалуы қалай өзгереді? Есептің берілгені қалай болады. Блок-схемасын сыз.

№5 зертханалық жұмыс. Программаларды жобалау әдістері, декомпозиция. Таңдау командасы

Мақсаты: Таңдау операторының жазылуы мен пайдаланылуын меңгеру.

Теориялық бөлім

Егер алгоритмде бірнеше жағдайдың біреуін пайдалану қажет болса, онда таңдау операторы қолданылады. Таңдау *case* операторымен программаланады. If операторы екі жағдайдың біреуін орындайды, ал *case* операторы бірнеше жағдайдың біреуін таңдайды. Жағдайлар таңдау айнымалысының мәніне байланысты таңдалады.

Жазылу форматы:

```
case <таңдау айнымалысы> of
    <1-тізім (мән)>:<оператор 1;>
    <2-тізім (мән)>:<оператор 2;>
    <n-тізім(мән)>:<оператор n;>
    [else <оператор>]
end;
```

Case операторының орындалу тәртібі:

Алдымен <таңдау айнымалысының> мәні анықталады. Анықталған мән қай тізімге жатса, сол тізімге сәйкес келетін оператор орындалады да, басқа операторлар орындалмай, *case* операторы жұмысын аяқтайды.

Егер <таңдау айнымалысының> мәні тізімнің ешбіреуіне жатпаса, онда *else*-де көрсетілген <оператор> орындалады. *Else* болмаса, *case* операторы жұмысын аяқтайды.

Case операторын пайдалану ережелері:

1. Таңдау айнымалысы мен тізімдегі мәндер бір типті болу керек.
2. *Else* тармағының болуы міндетті емес, кей жағдайда жазбауға да болады, егер *else* тармағы жазылса, алдыңғы оператордан соң (;) қойылады.
3. Мәндер тізімінде үтірмен ажыратылған жеке мәндерді немесе бастапқы және соңғы мәндері “..” ажыратылған диапазонды көрсетуге болады.
4. <Операторда> “;”-мен ажыратылған бірнеше операторды жазуға болады.
5. Таңдау айнымалысы литерлік, бульдік және пайдаланушының типтерінде болады.

Ескерту: String, real типтегі айнымалылар таңдау айнымалысы бола алмайды!

Мысал: Арифметикалық төрт амалды (+,-,*, /) орындайтын калькуляторды бейнелейтін бағдарлама.

```
program calk;
var
    x, y, r: real; amal, a : char;
begin
    repeat
        write ('x = '); readln (x);
```

```

write ('y = ' ); readln (y) ;
writeln ('операция +,-,*,/' );
readln (amal ) ;
case amal of
    '+' : rezult := x + y ;
    '-' : rezult := x-y ;
    '*' : rezult := x*y ;
    '/' : rezult := x/y ;
else writeln ('қате белгі') ;
end;
writeln (x, amal,y,'=', r );
write ('жалғастырасың ба Y/N ' );
readln (a ) ;
until (a =' N') or (a ='n') ;
end.

```

Пайдаланылатын айнымалылар: **x** , **y** - берілген сандар; **r** - нәтиже;
amal айнымалысы 1 символдық типті, бұл айнымалыда арифметикалық операцияның белгісі сақталады. **a** айнымалысында бағдарламаның аяқталу белгісі сақталады, типі-символдық; **N** немесе **n** клавишасы басылғанда бағдарлама жұмысын аяқтайды.

Бағдарламаның орындалу барысында x,y мәндері клавиатурадан енгізіледі. Одан соң мына жолдармен

```

writeln ('операция +,-,*,/' );
readln (amal ) ;

```

операцияның белгісі *amal* айнымалысына енгізіледі. Case операторы *amal* айнымалысының мәні бойынша, арифметикалық операцияны орындайды. Мысалы, егер *amal* айнымалының мәні “ * “ болса, онда $r := x*y$ операторы орындалады. Егер *amal* мәні ешбір белгі болмаса, else-ден кейінгі жол орындалады да, экранға “қате белгі” деген хабарлама шығады. (Repeat, until операторлары туралы алдағы тақырыптарда түсінік беріледі).

Пайдаланушының типтері. Айнымалының қабылдайтын мәндері алдын ала белгілі жағдайда, пайдаланушы стандарттық емес өз типтерін жасауына болады.

Паскаль тілінде пайдаланушы жасаған типті сипаттау үшін **type** резервтелген сөзі қолданылады.

Жазылу форматы:

type

<типтің аты> = <тип мәні>;

Пайдаланушы жасайтын типтер екі түрлі болады. Олар: **санақтық** (перечисляемый) және **аралықтық** (интервальный) типтер.

Бұл типтегі берілгендер жадының бір байтын алады, сондықтан пайдаланушының типтері 256-дан көп элементтен тұра алмайды. Бұл типтерді қолдану енгізілетін мәндерді бақылайды, бағдарламаның көрнекілігін жақсартады,

жадыны үнемдейді және қатені іздеуді жеңілдетеді.

Санақтық тип - ие болатын мәндерінің тізімімен беріледі. Мәндер тұрақты болады және жақша ішінде үтірмен анықталып жазылады. Мәндердің тізімі реттелген жиынды құрайды. Бірінші мәннің реттік нөмері-ноль, екіншісі-бір, т.с.с.

Мысалы:

```
var
    planeta:(mars, pluton, saturn, mercury);
    kun:(1, 2, 3, 4, 5, 6, 7);
```

Бұл мысалдағы `planeta`, `kun` айнымалыларының типі санақтық, себебі, айнымалыны сипаттау бөлімінде `var` резервтелген сөзінен кейін айнымалылардың қабылдайтын тұрақты мәндері жақша ішінде тізіммен көрсетілген. `Planeta` айнымалысы `mars, pluton, saturn, mercury` мәндеріне, ал `kun` айнымалысы `1, 2, 3, 4, 5, 6, 7` мәндеріне ие бола алады.

Жоғарыдағы мысал бойынша `planeta`, `kun` типтерін жасасақ, олар былай сипатталады.

```
type planeta = ( mars, pluton, saturn, mercury);
    kun = (1, 2, 3, 4, 5, 6, 7);
```

пайдаланушы жасаған осы типтер айнымалыны сипаттау үшін былай қолданылады:

```
var    p1, p2, p3 : planeta;
        k1, k2 : kun;    tys : (ak, kara, sary, kuzyl);
```

Бұл мысалда **type** сөзінен кейін пайдаланушы жасаған `planeta`, `kun` типтері сипатталған, яғни, олардың мәндері ретінде бірнеше планета мен күндер номері анықталған.

Ал **var** сөзінен кейін `p1, p2, p3` айнымалылары `planeta` типімен, `k1, k2` айнымалылары `kun` типімен сипатталған. Яғни, `p1, p2, p3` айнымалылары `planeta` типінің бір мәніне, ал `k1, k2` айнымалылары `kun` типінің бір мәніне ие болады. Ал **tys** айнымалысы `ak, kara, sary, kuzyl` мәндерінің біріне ие болады

Аралықтық тип – берілген айнымалының қабылдайтын мәндерінің төменгі және жоғарғы шегін көрсететін екі тұрақты шаманы анықтайды.

Тұрақтыларға қойылатын талаптар:

1. Тұрақтылар бір типті болу керек.
2. Типтер `real`-дан басқа кез келген скаляр болады.
3. Бірінші тұрақты екіншіден кіші болу керек.

Мысал: `type`

```
kunder=1..31;
arip='a'..'я'
```

`var`

```
d,a: kunder;    l: arip
```

`Kunder` деген типті пайдаланушы өзі жасады. Төменгі шегі `1`, жоғарғы шегі `31`, типтері – `byte`. Осы типтегі `d, a` айнымалылары `1..31` аралығындағы мәндердің

біреуін қабылдайды. Сол сияқты, әгір типіндегі 1 айнымалысы а..я аралығындағы әріптердің біріне ие болады.

Сұрақтар

1. Таңдау операторы қай кезде қолданылады?
 2. Таңдау айнымалысы қандай қызмет атқарады?
 3. Таңдау операторының жазылу форматы қандай?
 4. Таңдау операторының орындалуын түсіндір ?
 5. Таңдау операторын пайдалану ережелері қандай
1. Стандарттық типтерді ата.
 2. Пайдаланушының типтері қай кезде қолданылады?
 3. Санақтық тип қалай жазылады?
 4. Аралықтық тип қалай жазылады?

**№6 зертханалық жұмыс Программалауға модульдық ыңғай.
Циклдер.**

Теориялық бөлім

Параметрлі қайталану. Қайталанатын әрекеттердің саны алдын-ала белгілі болғанда For операторы пайдаланылады. Бұл оператор **параметрлі қайталану** деп аталады, себебі, қайталану саны **параметр** немесе **басқарушы айнымалы** деп аталатын айнымалының мәніне байланысты болады. Бұл айнымалыда қайталану саны көрсетіледі. Қайталанатын әрекеттер **цикл денесі** деп аталады.

Жазылу форматы:

```
For <циклдің параметрі>:= <s1> to <s2> do  
    <оператор>;                { өсу ретімен }
```

```
For <циклдің параметрі> := < s2> downto < s1> do <оператор>;  
    { кему ретімен }
```

Мұндағы: s1, s2 - параметрдің бастапқы және соңғы мәндері;

For ... do - *циклдің тақырыбы*;
 <оператор> –*цикл денесі*.

Цикл денесі жай немесе құрама оператор болуы мүмкін.

For операторы мынаны анықтайды:

- параметрдің өзгеру аралығын және цикл денесінің қайталану санын;
- параметр мәнінің өзгеруін (**to-өсу, downto-кему**);

FOR операторы параметр барлық мәндеріне ие болып біткенше, цикл денесінің орындалуын қайталауды тоқтатпайды.

Егер $s2 > s1$ болса, цикл денесі $(s2 - s1 + 1)$ рет орындалады.

Егер $s1 > s2$ болса, цикл денесі орындалмайды.

Алғы шартты цикл. Егер іс-әрекеттің қайталану саны белгісіз, бірақ қайталану

шарты белгілі болса, онда *while* немесе *repeat* операторлары қолданылады.

While (әзір) операторында қайталану шарты цикл денесінен бұрын тексеріледі. Сондықтан *while* операторы **алғы шартты цикл** деп аталады.

Жазылу форматы:

```
While <қайталану шарты> do  
    <цикл денесі>
```

Қайталану шарты – бульдік (логикалық) өрнек, цикл денесі - жай немесе құрама оператор. Цикл денесі орындалудан бұрын шарттағы өрнектің мәні анықталады. Егер ол мән true болса, цикл денесі орындалады. Шарттық өрнектің мәні тағы да анықталады, егер нәтижесі false болса циклдың жұмысы аяқталып, *while*-ден кейінгі бірінші оператор орындалады.

Кейінгі шартты цикл. Циклдің бұл түрінде:

- қайталану шарты цикл денесінен кейін тексеріледі, сондықтан **кейінгі шартты цикл** деп аталады.
- қайталанатын іс-әрекеттер кем дегенде 1 рет орындалады.
- шарттың нәтижесі true болғанда циклдің орындалуы тоқтайды.

Жазылу форматы: **repeat**

```
    <оператор;>  
    :  
    < оператор;>
```

```
    until <циклді аяқтау шарты>;
```

Repeat және **until** сөздерінің арасындағы операторлар *цикл денесі* болады.

Кейінгі шартты циклдің орындалу тәртібі: алдымен цикл денесі орындалады, одан соң циклден шығу шарты тексеріледі. Егер нәтиже false болса, цикл денесі тағы да орындалады, егер true болса, циклден шығады.

1-мысал: 999 саны енгізілгенше бүтін сандарды енгізе отырып, олардың қосындысын табу.

```
    ...  
x: integer; sum: real;  
begin  
    sum:=0;  
    repeat  
        write ('x-ті енгіз'); readln(x);  
        if x<> 999  
            then sum:=sum+x;  
    until x=999;  
    writeln ('сандардың қосындысы=',sum); readln;  
end.
```

Айнымалыларға түсініктеме:

x-енгізілетін бүтін сандар; sum-олардың қосындысы (real);

Бағдарламаның басында қосынды 0-ге теңестіріледі. Одан соң repeat сөзімен цикл ашылады. Цикл денесінде “x-ті енгіз” сұрауымен x айнымалының мәні енгізіледі. If операторы ол санның 999-ге тең емес екендігін тексереді. Егер тең болмаса, Sum қосындысының мәніне x саны қосылады. Циклдің соңындағы until x=999 циклдің

аяқталу шартын тексереді. Егер $x=999$ болса, цикл аяқталады, until-ден кейінгі оператор орындалады. Ол оператор `writeln ('сандардың қосындысы=',Sum);` нәтижені шығарады.

3-мысал: $\frac{1}{2} + \frac{2}{2 \cdot 3} + \frac{3}{3 \cdot 4} + \dots + \frac{20}{20 \cdot 21}$ сан қатарының қосындысын табу.

Шешуі: Берілген есепте параметрі 1-ден 20-ға дейін 1 қадаммен өзгертін (бөлшектің алымы) цикл құрған дұрыс. Бөлімінде алымы мен оған келесі санның көбейтіндісі жазылады. Егер алымын **i** деп белгілесек, бөлімі **i · (i+1)** түрінде болады.

```
program kosyundy;
var i:byte; s : real;
begin
  s:=0;
  for i:=1 to 20 do
    s:=s+i/(i*(i+1));    { цикл денесі }
  write ('қосынды =',s);  writeln(y);  readln;
end.
```

4-мысал: 10-нан 99-ға дейінгі сандардың арасынан цифрларының қосындысы **n**-ге тең сандарды табу. ($0 < n \leq 18$)

Шешуі: Мынадай айнымалыларды белгілейміз.

n- берілген сан; **p1**- санның ондық разрядты цифрасы;

p2- санның бірлік разрядты цифрасы;

s- берілген санның цифрларының қосындысы;

k -ізелінді сан.

```
Program san_kosyundy;
var k,n,p1,p2,s : integer;
begin
  writeln ('бүтін сан енгіз');  readln (n);  { бүтін санды енгіземіз }
  for k:=10 to 99 do          { 10-нан 99-ға дейінгі сандарды қарастырамыз }
    begin                    { цикл денесінің басы }
      p1:=k div 10;
      p2:=k mod 10;          { бірінші, екінші цифраны табамыз }
      s:=p1+p2;
      if s=n then writeln (k);    { егер қосынды n-ге тең болса,
      end;                          берілген k санын шығарамыз }
      readln;
    end.
end.
```

Сұрақтар

1. Цикл дегеніміз не?
2. Циклді қолдануға мысалдар келтір.
3. Параметрлі қайталану қай кезде қолданылады?
4. Параметр деген не?
5. Параметрлі қайталанудың жазылу форматы.
6. For операторының орындалуын түсіндір.
7. Цикл денесі деген не?

№7 зертханалық жұмыс Программалауға құрылымдық ыңғай. Евклид алгоритмі

Теориялық бөлім

Евклид алгоритмі дегеніміз, ол - теріс емес бүтін екі санның ең үлкен ортақ бөлгішін (ЕҮОБ) табу алгоритмі.

x және y – бір уақытта 0-ге тең емес, бүтін, теріс емес сандар және $y \leq x$ болсын. Егер $y=0$ болса, онда $ЕҮОБ(x,y)=x$, ал егер $y \leq 0$ болса, онда x , y және r сандары үшін, (мұндағы r дегеніміз $x:y$ -тің қалдығы), $ЕҮОБ(x,y)=ЕҮОБ(y, r)$ теңдігі орындалады. Мысалы, $x=48$, ал $y=18$ болсын.

$$ЕҮОБ(48,18)=ЕҮОБ(18,12) = ЕҮОБ(12,6) = ЕҮОБ(6,0) =6$$

1-мысал: Теріс емес екі санның ең үлкен ортақ бөлгішін (ЕҮОБ) табу бағдарламасы.

1-әдіс: Қалдықтар арқылы.

```
program algor_evklid;
var x,y: integer;
begin
  writeln (' Екі санды енгіз' );  readln(x,y);
  repeat                          { циклдің басы }
    if x>y
      then x:=x mod y           { екі санның үлкенін үлкенді кішіге
      else y:=y mod x;          бөлгендегі қалдықпен ауыстыру }
  until (x=0) or (y=0) ;        { екі санның біреуі 0-ге тең
                                болғанша, цикл орындалады }
  writeln ('ЕҮОБ= ',x+y);      readln;  end.
```

2-әдіс: Айырма арқылы.

```
program algor_evklid;
var x,y: integer;
begin
  writeln (' Екі санды енгіз' );  readln(x,y);
  repeat                          { циклдің басы }
    if x>y
      then x:=x - y else y:=y - x; { екі санның үлкенін
                                айырмамен ауыстыру }
  until x=y;                      { екі санның тең болғанша қайталады }
  writeln ('ЕҮОБ= ',x);  readln;
end.
```

Евклид алгоритмін негізге ала отырып, екі санның ең кіші ортақ еселігін (ЕКӨЕ) табуға болады. Формуласы: $ЕКӨЕ(x,y) = x*y/ ЕҮОБ(x,y)$.

№8 зертханалық жұмыс Жолдар

Жол дегеніміз – ұзындығы 255-тен артпайтын символдар тізбегі. Тізбектің мағынасы болуы міндет емес. Мысал: ‘df56’, ‘*d-шар56’, ‘*-4 лд’

Жолдар *string* жолдық типпен сипатталады. Жолдық типті анықтағанда ондағы символдар санын көрсетуге болады.

Жазылу форматы:

type

<типтің аты>=string [символдар саны];

var <идентификатор>: <типтің аты>;

String типтегі айнымалыны типті алдын-ала сипаттамай-ақ көрсетуге болады:

var <идентификатор>:string[жолдың ұзындығы];

N символдан тұратын жолға жадыдан N+1 байт бөлінеді. N байт-символдарды сақтау үшін, ал бір байт – жолдың ұзындығын сақтау үшін.

Жолдық өрнектер. Олар жолдық тұрақтылардан, айнымалылардан, функциялардан және операция таңбаларынан тұрады. Мысал: ‘ма’+‘ма’

Жолдық процедуралар мен функциялар

Аты, жазылуы	Қызметі	Ескерту
1. жою delete(a,p,n)	a жолындағы p позициядан бастап, ұзындығы n символды жояды.	p<=255; нәтиже басқа айнымалыға меншіктелмейді.
2. кіргізу insert (a,s,p)	a жолын s жолына p позициядан бастап кіргізеді.	нәтиже басқа айнымалыға меншіктелмейді.
3. типті ауыстыру str(x,a)	x сандық шаманы жолға өңдеп, a-ға меншіктейді	x-ті шығару форматымен жазуға болады. X сандық типте, a –жолдық типте.
4. типті ауыстыру val(a,x,c)	a жолын сандық шамаға өңдеп, x айнымалыға орналастырады. A жолында бос символ болмау керек.	c-өңдеу нәтижесі, бүтін сан. Егер өңдеуде қате болмаса c=0 болады. A:string, x сандық типте, c:integer.
5.ұзындық length(a)	a жолының ұзындығын табады.	Нәтижені айнымалыға меншіктеуге болады.
6. ретімен тіркестіру concat(a,b,..s)	a,b,..s жолдарын сол ретімен тіркестіреді	-
7. белгілеу copy (a,p,n)	a жолынан p позициядан бастап, ұзындығы n символды белгілейді.	егер p>length(a) болса, нәтижесі бос символ;

		p>255 болса, қате.
8. позиция pos (a,s)	a жолы s жолында нешінші позицияда тұрғанын табады.	егер a жолы s жолында болмаса, нәтиже=0
9.регистрді ауыстыру uppercase(ch)	кіші әріпті бас әріпке өзгертеді.	тек латын алфавитін ғана.

Мысалдар

Берілгені:	Қолданылған процедура, функция	Нәтиже
1.a:=’абвгде’	delete(a,4,2)	‘абве’
2.s1:=’интика’ s2:=’форма’	insert(s2,s1,3)	‘информатика’
1.var x:integer; a:string; ----- x:=72584	str(x,a) str(-x:7,a)	‘72587’ ‘-72584’
2.var a:string; cod:integer; ----- a:=’25’; a:=’14.2E+2’; a:=’14.2’	val(a,x,cod) val(a,x,cod) val(a,x,cod)	cod=0 cod=0 cod=5
3.st:=’1237’ st:=’klassio’	length(st) length(st)	4 7
4.a1:=’ab’; a2:=’cd’; a3:=’ej’	concat(a1,a2,a3) concat(a1,’nm’,a2)	‘abcdej’ ‘abnmcd’
5.st:=’abcdefjk’	copy(st,2,4) copy(st,5,7)	‘bcde’ ‘efjk’
8.a1:=’abcdef’; a2:=’def’;	pos(a2,a1) pos(‘e’,a2) pos(‘k’,a1)	4 2 0
